

## Анықтама

### ➤ «Отбасылық дәстүрлер» (Отбасы күніне орай) «БІЗ БІРГЕМІЗ!» АТТЫ ТОЛАҒАЙ ОТБАСЫЛЫҚ САЙЫСЫ

✓ Мақсаты:

1. Ата-аналармен ынтымақтастық орната отырып, оқушыларды салауатты өмір салтына бейімдеу.
2. Эстетикалық және этикалық тәрбие беру.
3. Шапшаң қимылдауды, жарыса жүгіруді дамыту.

Ойын 6 кезеңнен болды:

1. Таныстыру
2. «Эстафета» ойыны
3. «Теңбіл доп» ойыны
4. «Өрмекші» ойыны
5. «Кенгуру» ойыны
6. «Арқан тартыс» ұлттық ойын

Ойынға қатысушылар: 1 сыныптар оқушылары, ата-аналары.

◆ Жарыста әділ бағасын берген әділқазылар алқасының тізімі:

1. Гүлжанат Асанқызы гимназия директоры;
2. Қуандық Санатұлы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
3. Әсет Қабдоллаұлы дене шынықтыру пәні мұғалімі.

Отбасылық сайысқа түскен 1 сыныптардан 8 командасы бақ сынасты.

Сайыс болғаннан кейін жеңімпаз командалар, жүлделі орындар болады.

🏆 БАС ЖҮЛДЕ 1 «Г» сыныбы «Бірлік» командасы, Көктеубайлар отбасы;

1 орын 1 «Е» сыныбы «Бәйтерек» командасы, Қасымовтар отбасы;

2 орын 1 «Ә» сыныбы «Астана» командасы Черниязовтар отбасы;

3 орын 1 «Ғ» сыныбы «Жалын» командасы, Құрманбековтер отбасы.

☝ БЕЛСЕНЕ қатысқан командалар:

1 «В» сыныбы «Қыран» тобы, Әселбековтер отбасы;

1 «Б» сыныбы «Алғырлар» командасы Асылбековтер отбасы;

1 «Д» сыныбы «Таңшолпан» командасы, Джуманбековтер отбасы;

1 «А» сыныбы «Тұлпар» командасы, Тұрысбековтер отбасы.



## Анықтама

Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан-жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Соңғы уақытта көшелерде көлік саны көп болғандықтан алуан түрлі жол көлік апаттарының орын алып жатқандығын, сондай апат салдарынан жас өспірімдердің әртүрлі оқиғаларға душар болып жатқанын жасыруға болмайды. Осыған орай «Жол ережелерін сақтау» бойынша түсіндірме жұмыстары өткізілді.

Түсіндірме жұмыстарын өткізудегі мақсатымыз оқушыларға жол ережесі туралы мағлұмат беру, жол қатынасы ережелерін меңгерту. Жолда жүрген сәттерде қауіпсіздікті қалыптастыру, жолда жүру ережесін есте сақтау арқылы білгендерін пайдалана білуді тұрақты дағдыға айналдыру; оқушыларды жол ережелерін бұлжытпай орындауға; сақтыққа тәрбиелеу.

Сынып жетекшілер «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Қауіпсіз жол», «Жол жүру ережесі», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», «Жол тәртібін жадында ұста!», т.б. тақырыптарда сынып сағаттарын өткізді. «Тиым салынатын белгілер» «Жол таңбалары» тақырыбы бойынша 1 сынып оқушыларына жол ережелері туралы видеороликті көрсетті. Жолда жүру ережелерін көшеде қатаң сақтаңдар, жол белгілерін жаттап алыңдар деп қатаң ескертті.

«Жаяу адамдардың міндеттері туралы нені білесіңдер?» тақырыбында оқушылардың жол тәртібі туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан мектеп психологы сауалнама алып, нәтижесінде оқушылардың 80 пайызы автокөлік қақтығысынан қалай сақтану керектігін білетіндігі анықталды.

«Абайла, жаяу жүргінші!» тақырыбында сурет көрмесі 1- 4 сыныптар аралығында ұйымдастырылды.

Мектебіміздің тәлімгері «Жаяу жүргіншілерге арнау» үнпарақтарын таратты. «Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік жарақатынан сақтандыру» тақырыбы бойынша 10-11 сынып оқушыларына сынып сағатын мектептің медбикесімен бірге алғашқы көмек қалай жасау керектігін көрсетті. Естен тану, аяқ-қолдың сынуы, ашық жарақат тағы басқа сол сияқты жағдайларда алғашқы көмек қалай көрсету керектігі жайында оқушыларға түсіндірді.

Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажырата білуге баулу мақсатында 8 сынып оқушыларымен Толысбаева Қ «Жол жүру қауіпсіздігі – өміріміздің кепілі!» атты тақырыпта сайыс сабағын ұйымдастырса, 7 сынып оқушыларымен Санат Қ «Жол ережесін есте сақта» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Ал 9 сынып оқушыларымен Махат Н «Мектепке барар қауіпсіз жол!» тақырыбы бойынша түсіндіру сабағын жүргізді.

3-6 сыныптарда да «Жол ережесін сақтау-қауіпсіздік кепіліі», «Жол тәртібін білейік, Аман-есен жүрейік», «Жаяу жүргінші – назар аудар!» тақырыптары бойынша сынып сағаттары өтті.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп, доп қуалайтыны, шаңғы тебетіні, жүріп бара жатқан

машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып келетін салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір оқушы мектепте оқылатын «Жолда жүру ережесі» мұқият тыңдап, әр сабақтан қорытынды жасап отыруға міндетті екенін әр сынып жетекші оқушыларға түсіндірді.



### Анықтама

Қазан – «Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу – ынтымақтастық айы» аясында Наурыз мерекесіне орай өткізілген ұлттық спорт түрінен бастауыш сынып оқушылары арасында «Асық ату», 5-9 сынып оқушылары арасында «Ләңгі» ойыны, ата-аналар арасында «Гір тасын көтеру» бойынша спорттық сайыс өтті.

#### Гір тасын көтеру. Ата-аналар арасында

- 1-орын Ержанов Айдарбек 2 Ғ сынып ата-анасы
- 2-орын Айтмұханов Марат 2 Д сынып ата-анасы
- 3-орын Әшім Арман 3 Г ата-анасы
- 3-орын Құдайбергенов Жандар 3 Б сынып ата-анасы

#### Асық ату Бастауыш сынып арасында

- 1-орын Оразбек Нұрәділ 3 Д сынып оқушысы
- 2-орын Раухат Жантөре 3 Б сынып оқушысы
- 3-орын Бауыржан Алинұр 4 Ғ сынып оқушысы

#### Ләңгі 5-9 сыныптар арасында

- 1-орын Есенкелді Нұрсаят 6Ә сынып оқушысы
- 2-орын Оспанов Мансур 6 Ғ сынып оқушысы
- 3-орын Полатбек Жанжархан 6 Ә сынып оқушысы



## Анықтама

«Парасатты азамат» бұрышын ұйымдастырылып және жыл бойы өтетін «Адамгершілік және құқықтық тәрбие» бағытындағы сынып сағаттары тақырыптарын енгізілді. Гимназиямзда «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының қызметі ұйымдастырылып, жоспар құрылды. Үнемі жаңартылып отыратын «Парасатты азамат» бұрышы жұмыс жасайды. Мектеп тәлімгері Құдарберген Ж мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Қазкенова Г.С. және сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты нығайту бойынша бастамаларды көтермелеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сипаттағы іс-шараларды ұйымдастыру болып табылады. 1-11 сыныптардың сынып сағаттарының тақырыптық жоспарларына «Адамгершілік және құқықтық мәдениетті арттыру» мәселелері қарастырылды.



## Анықтама

29 қараша 1-11 сынып ата-аналарымен құқықтық тәрбиелеуде және құқық бұзушылықтарға оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін қалыптастыруға отбасының ролін көрсету мақсатында жиналыс өтті.

Қатысушы ата-аналармен психологиялық жағымды ахуал орнату мақсатында тренинг жүргізді “Психологиялық жағымды ахуал” - А.Сарсекенова психолог.

1. Гимназия директоры Г.А.Абдраманова сөз алды: Астана қаласы Білім басқармасының 26.09.2023 ж. №2014 бұйрығы негізінде гимназияның 27.09.2023ж. №212 бұйрығы ақша жинауға тыйым салу туралы таныстырды.

-Ата-аналардан жөндеу жұмыстарын жүргізуге, құрал-жабдықтар мен жиһаздарды сатып алуға, педагогикалық ұжымға, сынып жетекшіге сыйлық беруге, мерекелік іс-шараларға және басқа мақсаттар үшін ақша жинауға қатаң тыйым салынатындығын ескертті.

-Мектепте ата-аналар арасында ақша жинау жағдайын болдырмау, алдын алу түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілеріне жүктеді.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Қазкенова “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” бойынша биыл мектептерге арнайы бағдарлама құрылып жұмыс жасалып жатықанын айтып, атқарылған жұмыстар бойынша есебін берді. Оның мақсаты мектеп пен ата-аналардың өзара ынтымағын, ортақ тәрбие жұмыстарын арттыру, нығайта түсу. Ата-аналарға арналған “Ашық есік күні” әр айға сыныптар бойынша кестемен қабылдау. Жыл бойына ата-аналармен бірлескен түрлі тәрбие шаралар ұйымдастырылады. “Аталар мектебі”, “Әжелер



мектебі”, “Әкелер мектебі”, “Аналар мектебі” бағыттары бойынша және “Бақытты отбасы” жобалары, сонымен қатар сыныптар бойынша педагогикалық-психологиялық кеңес, тренингтер жүргізіледі.

### Шешім:

1. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға қатаң тыйым салудың түсіндірме жұмыстарын жүргізу сынып жетекшілерге тапсырылсын.
2. “Ата-аналарды педагогикалық қолдау” орталығын ашып, әр айдың соңғы жұма күні ата-аналарды қабылдау күні болып белгіленсін-жауапты мектеп әкімшілігі.



### Анықтама

15 мамыр «Мен өз елімнің патриотымын!» тақырыбында дөңгелек үстел 9-10 сыныптар арасында өтті.

**Мақсаты:** Оқушылардың тақырыпқа байланысты білімдерін толықтыруларына жағдай жасап, балалардың бойындағы өз ойын еркін айту дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау.

Патриоттық тәрбие қашан күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселелердің бірі. Біздің әрқайсысымыз патриот болып тәрбиеленуіміз үшін барлық жағдай жасалуда. Елбасымыздың өзі аталған тәрбиеге басты назарын аударып отыр. Білім алушылар «Патриот» ұғымы кіммен немесе немен байланыстырылатынын мәселесін қарастырып, азаматтық-патриоттық ұстанымын сипаттады.



## Анықтама

Өскелең ұрпақтың арасында жалпыға бірдей еңбек, адалдық және сатылмаушылық идеяларын мінез-құлық нормасын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шаралардың қабылдануы мен нығайтылуына ықпал ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқушылардың санасын қалыптастыру және қазақстандық патриотизм сезімін нығайту, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының жүзеге асырылуына оқушыларды тарту мақсатында 2020 жылдың 9 желтоқсан –Халықаралық жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Адал ұрпақ» еріктілер клубының ұйымдастыруымен 5-6 сыныптар арасында «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты сурет байқауы болып өтті.



## Анықтама

Қ. Мұхамедханов атындағы №90 гимназиясында аға тәлімгердің ұйымдастыруымен 9 сынып «Біздің таңдауымыз – заңды мемлекет» атты дөңгелек үстел өтті.

Іс- шараның мақсаты: мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

" Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет" тақырыбында өткен дөңгелек үстел барысында құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын, сондай- ақ ,біздің елімізде оның қалыптасу ерекшеліктері талқыланды . Дөңгелек үстелде оқушылар өз ойларын ортаға салды. Заңды аттамай, тура жолмен жүріп, еліне адал қызмет еткен азамат қана мұратына жетеді. Сондықтан, заңды білу - заман талабы. Дөңгелек үстелді Б.Момышұлының "Тәртіпке бас иген құл болмайды" деген қанатты сөздерімен қорытыланды.



### Анықтама

10-11 сынып оқушыларына «Мемлекеттік қызмет – өмірлік ұстаным» тақырыбында әдістемелік баяндама оқыды.

14 наурыз Нұра ауданы бойынша криминалдық полиция білімінің бастығы полиция подполковник Алибеков Алишер Одилбекұлымен 9,10 сынып оқушыларына кездесу ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік қызметтің маңызы мен олардың мақсаттарын, қоғамдық негіздері туралы мәлімет беру.

Мемлекеттік қызмет көрсету органдарының жұмыстарының маңыздылығы мен тиімділігі туралы оқушыларға хабардар беріліп, мемлекеттік қызмет көрсетудің қыр-сырын біліу мақсатында жоспарға сай мемлекеттік қызметкермен кездесу өтті. Мемлекеттік қызметтің бұл өмірде көргендері мен білгендері көп болғандықтан мектебімізге аудандық, Өмір жолдары жайында быраз мағұлмат алып, болашақ жастарға өз өнеге-тәрбиелерін, ізгі тілектерін, ақ баталарын беріп, естелікке фотоға түсіп қуанышпен шығарып салдық



### Анықтама

15 сәуір күні 5-7 сынып оқушылары арасында «Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» тақырыбында шығарма байқауы өтті.

«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек» шығарма байқауы оқушылардың адамгершілік негіздерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын, саяси-құқықтық білімін қалыптастыру, мемлекеттік билік институттарына сенімін нығайту, оқушылардың азаматтық бастамаларын дамыту мақсатында өткізілді.

Шығарма байқауына 37 оқушы қатысты. Байқау кезеңге өткен жұмыстарды қарастыра отырып, оларға тақырыптың өзектілігі, жаңалығы, ашылуы, жазылу стилі, бірегейлігі, өзіндік көзқарас пен пікірлердің, өзіндік тұжырымдардың берілуі, сыни талдаудың көрініс табуы, эссенің сауатты жазылуы (лексикалық,



грамматикалық, стилистикалық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың сақталуы) бойынша баға берілді.

Қазылар мүшесі осы бағалау талаптарын негізге ала отырып, үздік жұмыстарды анықтап алды. Жалпы, барлық қатысушылардың ынта-талаптары, ұмтылыстары мен талпыныстары, өзіндік көзқарастары мен пікірлері қазылар алқасын тәнті етті. Нәтижесінде 15 оқушы үздіктер қатарынан көрінді.

